

Бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың ғылым саласындағы міндеттемелері шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатынан қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 630 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 31 желтоқсанда № 35615 болып тіркелді

"Ғылым және технологиялық саясат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 9) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 134) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың ғылым саласындағы міндеттемелері шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатынан қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Өнерәсіп және құрылыс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи
ресурстар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім
министрі
2024 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 630 Бұйрықпен
бекітілген

Бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың ғылым саласындағы міндеттемелері шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатынан қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың ғылым саласындағы міндеттемелері шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатынан қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін

коммерцияландыру жобаларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидалары "Ғылым және технологиялық саясат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 9) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 134) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың ғылым саласындағы міндеттемелері шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатынан қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

1) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы есеп – ғылыми-техникалық жұмыстың іске асырылуы туралы ақпаратты, ғылыми, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық, маркетингтік зерттеулерді, сондай-ақ жоспарланған жұмыстарды әрі қарай жүргізудің орындылығы не аяқталған ғылыми, ғылыми-техникалық жоба мен бағдарламаның нәтижесі туралы ақпаратты қамтитын құжат;

2) ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша бас ұйым – нысаналы ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны іске асыруға арналған конкурстың қорытындылары бойынша мемлекеттік уәкілетті орган айқындайтын әрі іргелі және қолданбалы зерттеулердің ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламасын іске асыруды сүйемелдеуді және орындалатын бағдарламаның шеңберінде орындаушы ұйымдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын заңды тұлға;

3) ғылыми, ғылыми-техникалық жоба мен бағдарлама – болжанатын ғылыми-техникалық жұмыстың мазмұнын қамтитын, жоспарланған жұмыстарды жүргізудің мақсаттары мен міндеттері, олардың өзектілігі, жаңалығы, ғылыми-практикалық маңыздылығы мен орындылығы негізделген ғылыми, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық, маркетингтік зерттеулерді білдіретін құжат;

4) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесі – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыру барысында тиісті ғылыми әдістермен және құралдармен алынған және кез келген ақпарат жеткізгіште тіркеліп-белгіленген жаңа білім немесе шешімдер, сондай-ақ өндіріске ендірілген ғылыми әзірлемелер мен технологиялар, жаңа бұйымдардың, материалдар мен заттардың модельдері, макеттері, үлгілері;

5) уәкілетті орган – ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласында салааралық үйлестіру мен басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

6) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру – жаңа немесе жетілдірілген тауарларды, процестер мен көрсетілетін қызметтерді нарыққа шығару мақсатында зияткерлік қызмет нәтижелерін қоса алғанда, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін практикада қолданумен байланысты, кіріс алуға бағытталған қызмет;

7) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы есеп – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобасын іске асыру нәтижелері мен тиімділігі туралы ақпаратты қамтитын құжат.

3. Бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың ғылым саласындағы міндеттемелері шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатынан қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алуды (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) "Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы" акционерлік қоғамы жүзеге асырады.

2-тарау. Бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың ғылым саласындағы міндеттемелері шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатынан қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу тәртібі

4. Жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін мемлекеттік қызметті алу үшін "Бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың ғылым саласындағы міндеттемелері шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатынан қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында (бұдан әрі – Негізгі талаптар тізбесі) қарастырылған құжаттар тізімін көрсетілетін қызметті берушіге is.ncste.kz ақпараттандыру объектісі (бұдан әрі – ақпараттандыру объектісі) арқылы электронды немесе қағаз түрінде көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшасына сәйкес ұсынады.

5. Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобаны мемлекеттік есепке алу үшін көрсетілетін қызметті алушы жобаны қаржыландыру басталған күннен бастап

күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешікпейтін мерзімде Негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының 1) тармақшасына сәйкес қазақ және орыс тілдерінде осы Қағидаларға 2-қосымшасына сәйкес тіркеу карталарын жібереді.

Жобаны жер қойнауын пайдаланушылардың ғылым саласындағы міндеттемелері шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатынан мемлекеттік есепке алу үшін көрсетілетін қызметті алушы Жобаны қаржыландыру басталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының 1) тармақшасына сәйкес осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қазақ және орыс тілдерінде тіркеу карталарын жібереді.

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін (бұдан әрі – ҒҒТҚН) коммерцияландыру жобасын мемлекеттік есепке алу үшін көрсетілетін қызметті алушы жобаны қаржыландыру басталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешікпейтін мерзімде Негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының 1) тармақшасына сәйкес қазақ және орыс тілдерінде осы Қағидаларға 3-қосымшасына сәйкес тіркеу карталарын жібереді.

Бұл ретте жер қойнауын пайдаланушылардың ғылым саласындағы міндеттемелері шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатынан қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобалары және оларды орындау жөніндегі есептер құпия ақпаратты және коммерциялық құпияны ашпайтын нысанда ұсынылады.

6. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттарды келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және оны мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін жауапты құрылымдық бөлімшеге тапсырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері) мемлекеттік көрсетілетін қызметті 5 (бес) жұмыс күні ішінде көрсетеді: электрондық түрде мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі ақпараттандыру объектісі арқылы беру жүзеге асырылады, қағаз түрінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы беру жүзеге асырылады.

7. Ғылыми, ғылыми техникалық бағдарлама аясында орындалатын жобаны бірнеше көрсетілетін қызметті алушылар орындаған жағдайда, әрқайсысы өзі дербес орындайтын жұмыс бөлігіне тіркеу картасын жібереді.

8. Көрсетілетін қызметті беруші ғылыми және ғылыми-техникалық жобаны тіркейді және мемлекеттік тіркеу нөмірін бере отырып, тіркеу картасын береді.

9. Тіркелген жобаға түзетулер енгізу барысында көрсетілетін қызметті алушы түзету туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде

көрсетілетін қызметті берушіге ресми бланкіде еркін түрде ресімделген хат пен осы Қағидаларға 2-қосымшасына сәйкес тіркеу картасын ұсынады.

10. Көрсетілетін қызметті алушы тіркелген жобаны құпияландыру туралы шешім қабылданған күннен бастап он күн ішінде бұл туралы көрсетілетін қызметті берушіге жазбаша хабарлайды.

11. Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны мемлекеттік есепке алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны қаржыландыру басталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей, осы Қағидаларға 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "кеңейтілген ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның көрсеткіштерін" және "титул парағын" 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рәсімдеп, бағдарламаға еркін түрде түсіндірме жазба мен ағымдағы жылы бағдарламаның тапсырмаларын (кезеңдерін) орындауға бөлінген бюджет қаражатының көлемін растайтын бас ұйымның басшысы қол қойып, бекітілген құжатты Негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының 2) тармақшаларына сәйкес тапсырады.

12. Көрсетілетін қызметті беруші ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны тіркейді және осы Қағидаларға 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша шифр берілген куәлік береді.

13. Тіркелген ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаға түзетулер енгізу барысында, көрсетілетін қызметті алушы кезекті жылға арналған жоспарлы көрсеткіштерімен қатар, көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "кеңейтілген ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның көрсеткіштері" туралы мәліметтерді Негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының 3) тармақшасына сәйкес ұсынады.

14. Көрсетілетін қызметті алушы есептік жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірмей, көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша тапсырмалардың, жұмыс кезеңдерінің орындалуы туралы (жылдық) есепті" және еркін түрде түсіндірме жазбаны Негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының 4) тармақшасына сәйкес жібереді.

15. Есепті мемлекеттік есепке алу үшін көрсетілетін қызметті алушы жобаның жұмыстары (кезеңдері) аяқталғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде көрсетілетін қызметті берушіге есеп пен осы Қағидаларға 9-қосымшасына сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде ақпараттық картаны Негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының 5) тармақшасына сәйкес жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы аралық және қорытынды (қорытынды) есептерді мемлекеттік есепке алу үшін ҒҒТҚН коммерцияландыру жобасын іске асыру кезеңі аяқталғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушіге Негізгі

талаптардың тізбесінің 8-тармағының 5) тармақшасына сәйкес, 10-қосымшаға сәйкес ресімделген аралық және (немесе) қорытынды есептер, сондай-ақ осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес ақпараттық карталар жолдайды.

16. Көрсетілетін қызметті беруші есепті белгіленген тәртіппен оған инвентарлық нөмір беру арқылы тіркейді.

17. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге ағымдағы есептік жылдың 15 қарашасынан кешіктірмей іске асырылуы келесі күнтізбелік жылға ауысатын жобаның іске асыру туралы қысқаша мәліметтерді 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша және ақпараттық картаны осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қазақ және орыс тілдерінде ұсынады.

18. Көрсетілетін қызметті беруші жобаның іске асырылуы туралы қысқаша мәліметтерді белгіленген тәртіппен оған инвентарлық нөмір беру арқылы тіркейді.

19. ҒҒТҚН-ны мемлекеттік есепке алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге Негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының 7) тармақшасына сәйкес ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне өтінім осы Қағидаларға 13-қосымшасына сәйкес және ҒҒТҚН туралы мәліметтер нысанын 14-қосымшаға сәйкес ұсынады.

20. Көрсетілетін қызметті беруші ҒҒТҚН өтінімін тіркейді және мемлекеттік нөмері берілген өтінімді береді.

21. ҒҒТҚН-нің құқық иеленушілері өзгеру барысында, көрсетілетін қызметті алушы қайта ұйымдастырылған жағдайда, сондай-ақ ҒҒТҚН-ні пайдалануға байланысты емес басқа да негіздер бойынша, өзгеріс туындаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 15 - қосымшасына сәйкес нысан бойынша ҒҒТҚН туралы мәліметтерді пайдаланудың өзгеруі туралы хабарламаны және 16 - қосымшаға сәйкес нысан бойынша ҒҒТҚН пайдалану туралы мәліметтерді Негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының 7) тармақшасына сәйкес жібереді.

22. ҒҒТҚН-ға құқық тоқтатылған жағдайда ҒҒТҚН-ға құқық тоқтатылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 17 - қосымшасына сәйкес көрсетілетін қызметті берушіге нысан бойынша хабарлама Негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының 7) тармақшасына сәйкес жібереді.

23. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттардың келіп түскен күні оларды қабылдау мен тіркеуді жүзеге асырады. Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде сұрау салынған өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

24. Қызметті берушінің қызметкері мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіде көзделген тізбеге сәйкес

құжаттардың толық топтамасы көрсетілетін қызметті алушыда болған кезде оның өтінішін немесе ілеспе хат қабылдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын, сондай-ақ қолданылу толық ұсынбаған кезде, сондай-ақ қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы Қағидаларға 18-қосымшасына сәйкес дәлелді бас тартуды қалыптастырады.

25. Негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіздер болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешіммен таныстыру, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша өз ұстанымын білдіру мүмкіндігін беру үшін өткізілетін тыңдалымның өткізу уақыты мен орны туралы хабарлайды. Хабарлама (ескерту) көрсетілетін қызметті алушының абоненттік ұялы байланыс нөміріне немесе электрондық поштасына немесе басқа да байланыс түрлерін қолдана отырып, мәтіндік хабарлама не/немесе қоңырауды жазуды қамтамасыз ететін байланыс құралдарын пайдалана отырып жіберіледі.

Тыңдалым туралы хабарлама дәлелді бас тарту туралы шешім қабылданғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күн бұрын жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушының қарсылығын алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті беруші оны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Тыңдалым нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету туралы шешім қабылдайды немесе дәлелді бас тартуды ресімдейді.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

26. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды тұлға, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүзеге асырады.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлғаға беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды тұлға, көрсетілетін қызметті беруші шағым түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған лауазымды тұлға, көрсетілетін қызметті беруші егер 3 (үш) жұмыс күні ішінде

шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік акт қабылдаса немесе әкімшілік әрекетті қолданса, қажет болған жағдайда шағымды оны қарайтын органға жібермейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен шағымы тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

27. Егер заңда өзгеше көзделмесе, шағым берілгеннен кейін сотқа дейінгі тәртіппен сотқа жүгінуге жол беріледі.

Бюджет қаражаты есебінен,
сондай-ақ жер қойнауын
пайдаланушылардың ғылым
саласындағы міндеттемелері
шеңберінде жер қойнауын
пайдаланушылардың
қаражатынан
қаржыландырылатын ғылыми,
ғылыми-техникалық жобалар
мен бағдарламаларды, ғылыми
және (немесе) ғылыми-
техникалық қызмет нәтижелерін
коммерцияландыру жобаларын
және олардың орындалуы
жөніндегі есептерді мемлекеттік
есепке алу қағидаларына
I-қосымша
Нысан

"Бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың ғылым саласындағы міндеттемелері шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатынан қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Мемлекеттік қызмет атауы: "Бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың ғылым саласындағы міндеттемелері шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатынан қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу"

Мемлекеттік қызмет түрлерінің атауы:

- 1) Бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың ғылым саласындағы міндеттемелері шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатынан қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобаларын, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын мемлекеттік есепке алу;
- 2) Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны мемлекеттік есепке алу;

- 3) Бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың ғылым саласындағы міндеттемелері шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатынан қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу;
- 4) Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның орындалуы бойынша есепті мемлекеттік есепке алу;
- 5) Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесін мемлекеттік есепке алу.

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	"Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы" Акционерлік қоғам
2.	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілі	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: 1) электрондық түрде is.ncste.kz ақпараттандыру объектісі (бұдан әрі – ақпараттандыру объектісі) арқылы; 2) қағаз түрінде көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы.
3.	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Қызмет көрсету мерзімі: электрондық – 5 (бес) жұмыс күні; қағаз түрінде – 5 (бес) жұмыс күні.
4.	Мемлекеттік қызметті көрсету түрі	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде
5.	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	1) ғылыми, ғылыми-техникалық жобаға, бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын ҒҒТҚН коммерцияландыру жобасы және жер қойнауын пайдаланушылардың ғылым саласындағы міндеттемелері шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылардың қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жобаға - мемлекеттік тіркеу нөмері берілген тіркеу картасы; 2) ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаға – шифр берілген куәлік; 3) Бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың ғылым саласындағы міндеттемелері шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатынан қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді

		<p>мемлекеттік есепке алу - инвентарлық нөмір берілген ақпарат картасы;</p> <p>4) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне - мемлекеттік тіркеу нөмірі берілген өтінім.</p>
6.	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері</p>	<p>"Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу" мемлекеттік қызметі жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін қызмет ақысыз негізде көрсетіледі.</p>
7.	<p>Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі</p>	<p>Көрсетілетін қызмет беруші - Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес дүйсенбіден жұмаға дейін, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, 9.00-ден 18.00-ға дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 14.00-ға дейін.</p> <p>Ақпараттандыру объектісі: жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік қызметтер көрсету сұрақтары бойынша көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: +7 (727) 222 11 02.</p>
		<p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік тіркеу үшін көрсетілетін қызметті берушіге келесі құжаттарды ұсынады:</p>

1) Бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың ғылым саласындағы міндеттемелері шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатынан қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобаларын, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларына- тіркеу картасы 2- қосымшаға сәйкес нысан, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларына тіркеу картасы 3 - қосымшаға сәйкес;

2) мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаға келесі қосымшалар: Ф1 - біріздендірілген нысан " Кеңейтілген ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның көрсеткіштері" 4- қосымшаға сәйкес нысан; Ф1 – біріздендірілген нысанға " Кеңейтілген ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның көрсеткіштері" титулдық беті 5-қосымшаға сәйкес нысан; ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарлама жетекшісінің қолы қойылған түсіндірме жазба; ағымдағы жылы ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның тапсырмаларын (кезеңдерін) орындауға бөлінген бюджет қаражатының көлемін растайтын, бағдарлама жетекшісі қол қойған құжат;

3) Ф1 - түзету нысаны " Кеңейтілген ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның көрсеткіштері" 7- қосымшаға сәйкес нысан;

4) ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша тапсырмалардың, жұмыс кезеңдерінің орындалуы туралы (жылдық) есеп 8 - қосымшаға сәйкес;

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан

талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

5) Бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың ғылым саласындағы міндеттемелері шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатынан қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар және олардың орындалуы жөніндегі есептер МЕМСТ 7.32-2017 "Ғылыми-техникалық жұмыс туралы есеп" Мемлекетаралық стандартына сәйкес ресімделген және ақпарат картасы 9 - қосымшаға сәйкес нысан; ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын және олардың орындалуы жөніндегі есептер 10-қосымшаға сәйкес ресімделген және ақпараттық карта 11 - қосымшаға сәйкес нысандар;

6) 13 - қосымшаға сәйкес нысан бойынша ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесін тіркеуге өтінім түрінде ресімделген ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесі және 14 - қосымшаға сәйкес ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелері туралы мәліметтерді есепке алу жөніндегі нысандар (қажет болған жағдайда) ұсынылады; 15 - қосымшаға сәйкес ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелері (бұдан әрі - ҒҒТҚН) туралы мәліметтердің өзгергені туралы хабарлама; 16 - қосымшаға сәйкес нысан бойынша ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін пайдалану туралы мәліметтер; 17 - қосымшаға сәйкес ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесін мемлекеттік есебінен ҒҒТҚН-ны алып тастау туралы хабарлама;

8) Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу)

		<p>туралы мәліметтерді тиісті ақпараттық жүйелерден " электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.</p>
<p>9.</p>	<p>Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту себептері</p>	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;</p> <p>5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша;</p> <p>6) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, " Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы</p>

		бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.
10.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктерін ескеретін өзге де талаптар және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету	<p>Көрсетілетін қызметті алушының электрондық сандық қолтаңбасы бар болған жағдайда, ақпараттандыру объектісі арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратқа ақпараттандыру объектісі арқылы көрсетілетін қызметтерді қашықтықтан қол жеткізу режимінде немесе көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сонымен қатар, "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы ақпарат алуға мүмкіндігі бар.</p>

Бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың ғылым саласындағы міндеттемелері шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатынан қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидаларына

2-қосымша

Нысан

Тіркеу картасы

Қайда: 050026, Алматы,

Бөгенбай батыр көшесі, 221

"Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы" АҚ

т. + 7 727 222 11 02 (ішкі. 400, 401, 402, 404)

Хаттың шығыс №, күні

Мемлекеттік тіркелу нөмірі

Жұмысты

орындау мерзімі

Өзгергіл

г е н

мемлеке

т тік тіркелу нөмірі	Басталуы	Аяқталуы		
Жұмыс ы жүргізу Үшін негіздем е Мемлек еттік бағдарла ма Қолданб алы зерттеул е р бағдарла масы Іргелі зерттеу бағдарла масы Инновац иялық жоба Отандық гранттар Минист рліктің тапсырм асы Ынталы Ұйымме н шарт жасау Жер қойнауы н пайдала н у жобасы	Күнтізбелік жылдар бойынша қаражат көздері және көлемі (тенге) Мемлекеттік бюджеттің қаражаты Тапсырыс берушінің қаражаты Меншікті қаражат Жер қойнауын пайдаланушылардың қаражаттары Халықаралық гранттар, қорлар Жергілікті атқарушы органның қаражаты Басқалар	Бар-лығы 1- жыл	2- жыл	3- жыл
Бағдарламаның шифры				

Орындалатын жұмыс бойынша, бағдарлама тапсырмасының шифры _____

Негізгі ұйым туралы мәліметтер

Телефоны	Электрондық мекен-жайы	Қала
----------	------------------------	------

Министрліктің (ведомствоның) қысқартылған атауы

Көрсетілетін қызметті алушының толық атауы

Көрсетілетін қызметті алушының қысқартылған атауы	
---	--

Көрсетілетін қызметті алушының мекен-жайы (индекс, республика, облыс, қала, көше, үй)

Қоса орындаушы ұйымның атауы

Тапсырыс беруші

Бірлескен қаржыландыратын ұйым туралы мәліметтер

Телефоны	Электрондық мекен-жайы	Қала
----------	------------------------	------

Министрліктің (ведомствоның) қысқартылған атауы

Бірлескен қаржыландыратын ұйымның толық атауы	
Бірлескен қаржыландыратын ұйымның қысқартылған атауы	

Бірлескен қаржыландыратын ұйымның мекен-жайы (индекс, республика, облыс, қала, көше, үй)

Жұмыстың атауы

Күтілетін нәтижелер

Тіркелген жұмыстың күтілетін нәтижелерінің нақты жоспарланған сипаттамалары көрсетілген және зерттеу немесе әзірлеу объектісінің параметрлері еркін нысанда сипатталады. (TRL) жобаны ұсыну кезеңіндегі әзірлемелердің (зерттеу және технология) технологиялық дайындығының деңгейі.

	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Ғылым и дәрежесі, ғылыми атағы	Қолы	Мөр орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)
Ұйым жетекшісі				
Жұмыс жетекшісі				
ӨОК индексі				Күні
Тақырыптық айдарлар коды				
Түйінді сөздер				

Бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың ғылым саласындағы міндеттемелері шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатынан қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын

және олардың орындалуы
жөніндегі есептерді мемлекеттік
есепке алу қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Тіркеу картасы Қайда: 050026, Алматы,
Бөгенбай батыр көшесі, 221
"Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық
сараптама орталығы" АҚ
т. + 7 727 222 11 02 (ішкі. 400, 401, 402, 404)

Хаттың шығыс
№, күні

Мемлекеттік тіркелу нөмірі

Жұмысты орындау мерзімі

Жоба ЖТН	Басталуы	Аяқталуы			
	Күнтізбелік жылдар бойынша қаражат көздері және көлемі (тенге)	Барлығы	1- жыл	2- жыл	3- жыл
ҒҒТҚН тіркелу нөмірі	Мемлекеттік бюджеттің қаражаты				
	Бірлесіп қаржыландыру сомасы				
ҒҒТҚН Коммерцияландыруға грант беру туралы шарттың нөмірі мен күні Жұмысты жүргізу үшін негіздеме Отандық гранттар	[Empty box for details]				

Грант алушы ұйым туралы мәліметтер

Телефоны	Электрондық мекен-жайы	Қала
----------	------------------------	------

Министрліктің (ведомствоның) қысқартылған атауы

Грант алушы ұйымның толық атауы

Грант алушы ұйымның қысқаша атауы	
-----------------------------------	--

Грант алушы ұйымның мекен-жайы (индекс, республика, облыс, қала, көше, үй)

Өтініш беруші ұйым туралы мәліметтер

Телефоны	Электрондық мекен-жайы	Қала
----------	------------------------	------

Министрліктің (ведомствоның) қысқартылған атауы

Өтініш беруші ұйымның толық атауы

Өтініш беруші ұйымның қысқаша атауы	
-------------------------------------	--

Өтініш беруші ұйымның мекен-жайы (индекс, республика, облыс, қала, көше, үй)

Бірлескен қаржыландыратын ұйым туралы мәліметтер

Телефоны	Электрондық мекен-жайы	Қала
----------	------------------------	------

Министрліктің (ведомствоның) қысқартылған атауы

Бірлескен қаржыландыратын ұйымның толық атауы

Бірлескен қаржыландыратын ұйымның қысқаша атауы	
---	--

Бірлескен қаржыландыратын ұйымның мекен-жайы (индекс, республика, облыс, қала, көше, үй)

Тапсырыс беруші

Қаржыландыру қарастырылған экономика секторының басым бағыты

Жұмыстың атауы

Күтілетін нәтижелер

Күнтізбелік жоспар бойынша күтілетін нәтижелер				
	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	Қолы	Мөр орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)
Ұйым жетекшісі				
Жұмыс жетекшісі				

Тақырыптық айдарлар коды

Түйінді сөздер

Бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың ғылым саласындағы міндеттемелері шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатынан қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидаларына 4-қосымша Нысан Ф1-біріздендірілген

_____ жылға (жылдарға) арналған кеңейтілген ҒЫЛЫМИ, ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ бағдарламаның көрсеткіштері

Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның шифры _____

Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның атауы _____

Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны орындау негізі болған себептер _____

Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны орындау мерзімі _____

Қаржыландырудың көлемі _____ жылға _____ теңге

Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша көрсетілетін қызметті алушының атауы (толық және аббревиатурасы)	Мекенжай	Телефоны	Факсы, электрондық мекенжайы	Бірінші басшының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)
1	2	3	4	5

Тапсырманың, кезеңнің шифры	Тапсырманың, кезеңнің атауы	Ғылыми техникалық ақпараттардың мемлекетаралық топтамасының коды/түйінді сөздер	Тапсырманы, кезеңдерді орындаушы ұйымның аббревиатурасы	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі/ Жеке сәйкестендіру номері	Ұйымдардың аккредитциялық белгілері "1" -иә, "2"- жоқ	Тапсырманың, жұмыс кезеңі басшысының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), ғылыми дәрежесі, қызметі	Жұмыс орындалуының жоспарланған мерзімі (тоқсан, жыл)	
							басталуы	аяқталуы
1	2	3	4	5	6	7	8	9

кестенің жалғасы:

Жоспарланған мерзімге қаржыландыруға қажеттілік (мың теңге)

Барлығы	Оның ішінде:				Күтілетін нәтижелер			
	ғылыми зерттеулер		тәжірибе-конструкторлық әзірлемелер					
	іргелі	қолданбалы	тәжірибелік - конструкторлық және технологиялық жұмыстар	бұйымдардың (өнімдердің) тәжірибелік үлгілерін, партияларын дайындау	құрылыс үшін жобалау жұмыстары			

10	11	12	13	14	15	16
----	----	----	----	----	----	----

Кұжатты орындаушының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және телефон нөмірі " ____ " _____ 20__ ж

Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның жетекшісі _____
М.О. (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)
Қолы, Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны орындау үшін қажетті мамандар саны
Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның шифры _____

Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның атауы _____

Көрсетілетін қызметті алушының атауы	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі/ Жеке сәйкестендіру нөмірі	Ұйымдардың аккредитациялық белгілері "1" -иә, "2"-жөк	Барлығы	Оның ішінде				
				жоғары білімді	оның ішінде ғылыми дәрежелері бар			
					ғылым докторы	ғылым кандидаты	Ph D докторы	бейін бойынша доктор
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Кұжатты орындаушының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және телефон нөмірі " ____ " _____ 20__ ж.

Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның жетекшісі _____
М.О. (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)
Қолы, Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны орындауға қатысушы ұйымдардың
реквизиттері

Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның шифры _____

Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның атауы _____

Көрсетілетін қызметті алушының аббревиатурасы	Көрсетілетін қызметті алушының толық атауы	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі/ жеке сәйкестендіру нөмірі	Ұйымның орналасқан жері	Бірінші басшының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қызметі, телефоны
1	2	3	4	5

Кұжатты орындаушының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және телефон нөмірі " ____ " _____ 20__ ж.

Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның жетекшісі _____
М.О. (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)
Қолы, Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Бюджет қаражаты есебінен,
сондай-ақ жер қойнауын
пайдаланушылардың ғылым

саласындағы міндеттемелері
шеңберінде жер қойнауын
пайдаланушылардың
қаражатынан
қаржыландырылатын ғылыми,
ғылыми-техникалық жобалар
мен бағдарламаларды, ғылыми
және (немесе) ғылыми-
техникалық қызмет нәтижелерін
коммерцияландыру жобаларын
және олардың орындалуы
жөніндегі есептерді мемлекеттік
есепке алу қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Титул парағы _____
(ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша көрсетілетін қызметті алушының
ведомстволық қарастылығы)

"Бекітілді"

_____ 20_____ жыл "___" _____

Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның шифры: _____

Ғылыми-техникалық ақпараттардың мемлекетаралық топтамасының коды: _____

—

—

(ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның атауы)

Орындалу мерзімдері: _____

Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша көрсетілетін қызметті
алушының

атауы және орналасқан жері _____

Құжаттың дайындалған жері, уақыты _____

Бюджет қаражаты есебінен,
сондай-ақ жер қойнауын
пайдаланушылардың ғылым
саласындағы міндеттемелері
шеңберінде жер қойнауын
пайдаланушылардың
қаражатынан
қаржыландырылатын ғылыми,
ғылыми-техникалық жобалар
мен бағдарламаларды, ғылыми
және (немесе) ғылыми-
техникалық қызмет нәтижелерін
коммерцияландыру жобаларын

Тапсырманың, кезеңнің шифры	Тапсырманың, кезеңнің атауы	Ғылыми техникалық ақпараттардың мемлекет-аралық топтамасының коды/түйінді сөздер	Тапсырманы, кезеңдерді орындаушы ұйымның аббревиатурасы	Тапсырма кезең басшысының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), ғылыми дәрежесі, қызметі	Жұмыс орындалуының жоспарланған мерзімі (тоқсан, жыл)		Күтілетін нәтижелер	Түзетуге негіздеме
					басталуы	аяқталуы		
1	2	3	4	5	6	7	8	9

кестенің жалғасы

Жұмыстың орындалуына нақты шығындар, мың теңге

Көрсетілетін қызметті алушының атауы	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі/ Жеке сәйкестендіру номері	Ұйымдардың аккредитациялық белгілері "1" -иә, "2"-жөк	Барлығы	Оның ішінде:				
				ғылыми зерттеулер		тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер		
				іргелі	қолданбалы	тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстар	бұйымдардың (өнімдердің) тәжірибелік үлгілерін, партияларының дайындау	құрылыс үшін жобалау жұмыстары
10	11	12	13	14	15	16	17	18

_____	Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның жетекшісі _____
Құжатты орындаушының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және телефон нөмірі	М.О. (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғаларды қоспағанда) Қолы, Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)
" ____ " _____ 20__ ж.	

Бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың ғылым саласындағы міндеттемелері шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатынан қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік

